

Қарулы күштерінің жүздеген дивизияларын әскер киімімен, аяқ киіммен камтамасыз етті.

Отанды қорғау мұқтаждары машина жасау, металл өңдеу шағын литражды қозғалтқыштар, теміржол көлігіне арналған байланыс аппараттарын дайындау, оқшаулатқыш материалдар, радиоаспаптар, таразылар, тігін машиналарын шығару зауыттарының тұтас қатарының технологиялық циклын қорғаныс өнеркәсібін шығаруға қайта құру қажеттілігін айқындап берді. Қару-жарақтар мен оқ-дәрінің бірқатар жаңа түрлерін көптеп шығару ойдағыдай қолға алынды [6, 47 б.]. 4 млн-ға жуық түрлі калибрдегі артиллерия снарядтары, 4,7 млн мина шығарылды. Авиация қару-жарағының, жарғыш машиналардың, траншея от жаудырғыштарының, мина тралдарының, электрторпедолардың, теңіз миналарының, танк пен авиация өнеркәсібіне арналған престоердің және қару-жарақтың басқа да өте маңызды түрлерінің өндірісі игерілді.

Сонымен, эвакуацияланған кәсіпорындардың негізінде республикада машина жасау, станок жасау, қара металлургия, қорғаныс өнеркәсіптері пайда болды.

Көшірілген зауыттар мен фабрикалар қысқа мерзімнің ішінде елдің әскери экономикасы біртұтас организмнің құрамдас бөлігіне айналды. Сансыз табиғи байлықтармен және бейбіт құрылыс кезінде жасалған индустриялық қормен біте қайнаса отырып, эвакуацияланған кәсіпорындар КСРО ҒА-ның сол кездегі президенті В.Л. Комаровтың бейнелі сөзімен айтқанда Оралды және оған көршілес аудандарды экономикалық бекіністердің қуатты желісіне, бұзылмайтын қорғаныс қамалына айналдырды.

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін): Бес томдық. 4 том. – Алматы: «Атамұра», 2010. – 752 б.
- 2 Казахстан в Великой Отечественной войне: Очерки. Вып.2. – Алма-Ата, 1974
- 3 Зуев В. Коммунисты Восточного Казахстана по главе трудового подъема рабочих и колхозников в годы Великой Отечественной войны. Куйбышев, 1961. – 19 б.
- 4 Известия АН КазССР. Серия обществ. наук. – Алма-Ата, 1965. – №3. – С.55.
- 5 Городецкая В.С. Самоотверженный труд работников легкой промышленности Казахстана в годы Великой Отечественной войны (1941-1945 гг). Автореф. дисс. – А.-А., 1975. – 16 с.
- 6 Койшигулов А. Промышленность Казахстана за 25 лет // Большевик Казахстана. – 1945. – №12. – С.46-47.

### ӘБІЛҚАЙЫР БАЙМОЛДИННИҢ ӘСКЕРИ ЖАУЫНГЕРЛІК ЖОЛЫ ЖӘНЕ НЕВЕЛЬ ҚАЛАСЫН ҚОРҒАУ ОПЕРАЦИЯСЫНА ҚАТЫСУЫ

Амрина М.С., т.ғ.к, профессор ассистенті

Мустафин Е.Е., т.ғ.м., оқытушы

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Қарағанды, Қазақстан

erka.erka.101@mail.ru

Бұл мақала Әбылқайыр Баймолдиннің өмірі мен қызметіне арналған – ол талантты, әрі батыл әскери басшы. Оның әскери қызмет жолы, Ұлы Отан соғысының әртүрлі кезеңдерінде жеткен үлкен табыстарымен белгіленіп, жеке қаһармандық пен стратегиялық шеберлігі тарихи оқиғалардың барысын өзгерте алатынын дәлелдейді.

Әбілқайыр Баймолдин 1909 жылы Павлодар облысының Лебяжі ауданындағы Тақыр деген ауылда туған. 1928 жылы кеңес партия мектебін бітірді, сол жылы партия қатарына алынды. 1928-1931 жылдары Павлодар аудандық комсомол комитетінің хатшысы болып қызмет атқарып, жерлестерінің тұңғыш комсомол топтарын ұйымдастыруға ат салысқан. 1931 жылдан Алматыдағы қазақтың тұңғыш «Үлгілі» атты полкында эскадрон саяси жетекшісі болып қызмет етті.

Қызыл әскер, курсант, взвод командирінің орынбасары, эскадрон саяси жетекшісі болған Әбілқайыр Баймолдин Қаттақорғанда, Алматыда, Нальчикте, Тульчинада әскери қызмет атқарды. Қайда жүрсе де, Әбілқайыр Баймолдин туған жермен байланысын үзбеген. Әбілқайыр Баймолдиннің бастамасымен Павлодар облысының төрт ауданымен – Ертіс, Павлодар, М.Горький, Цюрупа аудандарымен қамқорлық байланыс жасалды. Атты әскер дивизиясының 49-полкіне осы төрт ауданнан жігіттер әскери қызметке келіп тұрды. Ал, Баймолдиннің жерлестері Павлодар облысындағы лебязшіліктер кейін 49-полктің эскадронын қамқорлыққа алды. 1936 жылы Ә.Баймолдин өз дивизиясының 17-полкіне келіп, эскадрон командирі болды [1].

1938 жылы Қиыр Шығыста Хасан көлі, Халхингол өзенінің маңында жапон әскерлеріне қарсы ұрысқа қатынасып, «Ерлігі үшін» медалімен марапатталды. Марапатты Мәскеуде М.И. Калининнің қолынан алды. Қызыл Аландағы Жеңіс шеруіне қатысты. Көп ұзамай, аға саяси жетекші Ә.Баймолдин үкіметтің арнайы тапсырмаларын орындағаны үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталды. 1939 жылы «Қазақ ССР-інің XV жылдығы» белгісімен марапатталды.

1941 жылы Баймолдин Ленин атындағы Мәскеудің Әскери-саяси академиясын бітіріп, генерал-майор Л.Доватордың екінші гвардиялық атты әскер корпусындағы төртінші полктың комиссары болып тағайындалды [2, 7 б.].

Ұлы Отан соғысы басталғанда, 1941 жылдың жетінші карашасында Әбілқайыр 9-шы атты әскер дивизиясының 51-полкіне комиссар болып ұрысқа енеді. Баймолдин Мәскеу түбінде жаралы болса да, саптан шықпады. Көп ұзамай осы шайқастарда ол екінші рет жараланды. Бұл жолы Волоколамск түбінде жараланып, госпитальге түседі. Көп ұзамай ол қайта сапқа тұрып, 44-ші атты әскер дивизиясының 61-ші полкіне командир болып, қайта ұрысқа енеді. Әбілқайыр Баймолдин ерлігі мен батылдығы үшін жауынгерлік Қызыл Ту және Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталды.

Комиссарлық қызметтер жойылған соң Баймолдин Мәскеудегі Жоғарғы офицерлік мектептің жанындағы саяси қызметкерлерден командирлер дайындайтын алты айлық курсты бітіріп, Калинин майданына келді. Оны 100-ші қазақтың ұлттық атқыштар бригадасына жіберді. Подполковник Баймолдин бригада командирі, полковник А.Марецкийдің жауынгерлік жұмыс жөніндегі орынбасары болды [3, 87 б.].

1943 жылғы қыркүйектің соңында, 3-Екпінді армия бөлімдері, генерал-лейтенант К.Н. Галицкийдің бастауымен Калинин майданының оң қанатында маңызды шабуыл операциясын бастады. Негізгі мақсаты Невель қаласын алу болды. Невель қаласына шабуыл жасар алдындағы түнде үлкен іс тындырылды. Командирлер Морецкий, Баймолдин, Бәйішев, Мостовой Поречье селосы бағытындағы майданның тар учаскесінде жау қорғанысының бірінші және екінші шебін бұзып өту міндеті алға қойылған екпінді топтар құрды.

Командалық пунктке баяндай отырып, Баймолдин телефонмен хабарлама жасайды: «Биікті алдық, жүздеген фашистер жойылды. Жаудан сегіз пулемет, жетпіс автомат, алты зеңбірек және көптеген оқ-дәрі олжаладық. Артиллерияны биікке жақындатып жатырмыз. Окоптарды жауға қарсы жабдықтаудамыз. Біз жақтан жиырма адам өліп, жиырма жеті адам жараланды. Дәрі-дәрмектер мен оқ-дәрі жетіспейді» [3, 8 б.].

Фашистер алғашқы атакаға шығады. Жаудың бронясында ақ крестері бар кара танкілері тосын болған жоқ. Барлаушы - бақылаушылар оларды алыстан-ақ көрген болатын. Жау танкілері жылдамдықты арттыра түсіп, биікке ұмтылды. Подполковник Баймолдин де, оның қасында тұрған комиссар Бәйішев те қобалжыды. Олар сымдай тартылып, көздерін дүрбіден алмады. Соңында жаяу әскерлері жүгіріп келе жатқан жау танкілерінің жақындауын тосты. Ал, танкілерге дейін үш жүз қадамдай қалған кезде Баймолдин трубкасына: «Сауыт бұзғыштар, танкілерді тура көздеп атындар!» деп айқайлады. Әп-сәтте зеңбіректер гүрсілдеп қоя берді. Алдымен танкілердің айналасындағы топырақтар ұша бастады. Ал, одан кейін екі танкі, сәлден кейін тағы үш танкі түтіндеді. Жаудың жаяу әскерлері жанып жатқан танкілерден аулақтап, кейін артқа қарай еңбектеп қаша бастады. Біздің «максимдер», автоматтар мен минометтер бұл жаяу әскерлерге белсенді шабуыл

жасады. Жау шабуылы тойтарылды [3, 9 б.].

Невель қаласын азат еткеннен кейін Әбілқайыр Баймолдин осы қаладағы гарнизонның бастығы болып тағайындалды. Қашқан жаудың қалдықтары қаладан 3-10 шақырымдай қашықтықта еді. Олар есін жиысымен қайта-қайта оқ атып, мазалай берді. Аспаннан бомба тастады. Міне, осындай сәттерде гарнизон бастығының көп жұмыс істеуіне тура келді. Күн демей, түн демей ол тынымсыз еңбек етті. Қала қорғанысын ұйымдастырды, соғыс объектілерін қорғауды күшейтті. Осындай сәттерде Әбілқайырдың нағыз іскерлігі, шебер қолбасшы екендігі айқын көрінді.

«Қымбатты достар, қадірлі Невель тұрғындары! 1941 жылы 6 шілде фашистер Невельді басып алғаннан кейін, сіздер екі жыл үш ай жау тепкісінде болдыңыздар, ал Кеңес армиясы 6 қазанда сіздерді азат етті. Азат ету ісіне 28-ші, 21-ші атқыштар дивизиялары мен біздің 100-ші қазақ ұлттық бригадасы жетекші рөл атқарды. Жауды қаладан қуып шыққаныңыздан кейін, дұшпан қайта күш жинап, сіздерге құлдық орнатуға тырысты, бірақ біздің бригада оны қалаға кіргізуге жол бермеді. Ұрыста көптеген жауынгерлер мен командирлер ерлікпен қаза тапты, соның ішінде пулеметші Мәншүк Мәметова пен мерген Ыбырайым Сүлейменов – олардың сүйектері Невель қалалық кеңесінің ұйғаруымен осы жерде жерленді.

Біз – Кеңес армиясының жауынгерлері, қазақпыз. Біздің туып-өскен еліміз – Қазақстан: Алатау мен Алтай, Ертіс пен Жайық, Алматы мен Қарағанды. Невель тұрғындары, біз сіздерге ұландарымыздың моласын тапсырдық. Әскери комендантура ұсынысы бойынша, қала көшелерінің біріне Ыбырайым Сүлейменов, екіншісіне Мәншүк Мәметовтың атын берді, бұған шын жүректен алғыс айтамыз.

Қымбатты жауынгерлер мен командирлер, Мәншүк пен Ыбырайымды ешқашан ұмытпаңыздар! Ұлы Луки мен Невель қалаларын жүректеріңізге жақын ұстаңыздар, әрқашан олардың ерлігіне лайық болыңыздар!»

Подполковник Баймолдин сөзің аяқтаған соң, қос қабірдің ортасына жақындап, қазақша «Қош, қарындасым! Қош, бауырым!» деп қоштасады.

Жаңа 1944 жылды дивизия командирі Баймолдин окопта өткізді. Үш күн бойы жүргізілген қызу ұрыстарда дивизия бірнеше селоларды азат етті. Төртінші қаңтарда Невель қаласының солтүстік-батысындағы биік үшін болған айқаста Әбілқайыр Баймолдин тағы да көзге түсті. Бірінші атқыштар дивизиясының екі батальоны алға жылжи алмай, сайда жатып қалады. Ал, немістер бұл сайды үздіксіз атқылап жатыр еді. Нағыз сын сағаты туды. Өз өмірін қатерге тоса отырып, Әбілқайыр Баймолдин сайға түседі, жауынгерлердің арасына барып, сөйтіп оларды шабуылға бастайды. Екі батальонның жауынгерлері екі жақтан шабуыл жасап, жауды тағы да ығыстырды. Осы ұрыста немістердің көп офицерлері мен солдаттары қолға түсті.

Ендігі кезекте тұрған Неделькино селосы еді. 4 қаңтарда 3-Екпінді армия қолбасшысы, генерал Галицкий «Неделькиноны сағат 14-те алуға міндеттісің», - деп бұйрық берді. Ә.Баймолдин «Міндеттіміз! Аламыз да!» – деп жауап береді.

Полковник Ә.Баймолдин әскерлерді жақынырақ жерден басқару үшін Ношино селосының тұсындағы төбеге шығады. Оның «Алға!» деген бұйрығын естіп, офицерлер мен жауынгерлер өршелене алға басты. Неделькино алынды. Бірақ, ұрыстың шешуші бір сәтінде Әбілқайыр Баймолдин қаза тапты.

Генерал Галицкий Неделькиноның алынғанына қанша қуанса да, өзінің жауынгер досы Әбілқайыр Баймолдиннің қайтыс болғанына қайғырды. Оның бұйрығы бойынша, Әбілқайыр Баймолдиннің денесі 21 шақырым жердегі Ношино селосынан өзі комендант болған Невель қаласындағы бейітке әкелініп қойылды. Ол Невель қаласының орталық алаңына жерленген. Кеңес Одағының Батырлары пулеметші Мәншүк Мәметовамен, мерген Ыбырайым Сүлейменовпен Невельдің орталық алаңында батыр, ержүрек полковник, 1-ші атқыштар дивизиясының командирі Әбілқайыр Баймолдин мәңгі ұйқыда жатыр.

«Сіздің асыл жарыңыз, біздің жауынгер және өжет жолдасымыз, гвардия полковнигі Әбілқайыр Баймолдин социалистік отаны үшін, әскери антқа адалдық жолында батыллықтың үлгісін көрсетіп, 4 қаңтар күні ерлікпен қаза болды. Батырдың денесі Калинин

облысындағы Невель қаласының орталық Ленин алаңында жерленді. Оны жерлеу кезінде барлық әскери құрмет көрсетілді» делінген батырдың жары Сұлубике Баязитоваға жолданған хабарламада [2, 7 б.].

Дивизия командирі Л.Бакуев өзінің орынбасары болған Әбілқайырдың қазасына ортақтаса отырып, Сұлубикеге жазған хатында былай деген:

«...Бұл – өте ауыр қаза! Ол офицерлерге нағыз жолдас бола білсе, солдаттарға әке болып еді. Оны барлығы да шын сыйлайтын, оның бұйрықтары заң іспеттес қалтқысыз орындалатын. Өйткені, сол бұйрықтарды орындау әрекеттеріне өзі тікелей басшылық ететін. Ұлы Отанын жаудан қорғап, жан аямай күресіп жүріп, соңғы демі, өмірінің ақтық секундiне дейiн сол бiр принципiнен тайған емес.

Фашистік айуандар окоптарға, ДЗОТ-тарға, блиндаждарға әбден бекініп алған еді. Дегенмен, біздің айбынды жауынгерлеріміздің, олар қаруланған пулеметтердің, минометтердің, зеңбіректердің, авиацияның үдей де үстемелей соққан дүмпуіне шыдай алмай, бытырай шегініп, бекіністерін тастай қашты. Алайда олар қаша жүріп, күшті қарсылықтар көрсетіп бақты. Жер де, аспан да ысқырған оқ, жарылған снарядтар, бомбалардан қалшылдап, дірілдеп тұрды, қара түтін, аспан мен жерді қымтай жауып, тіпті адам тынысын тарылта берді. Ал, біздің жауынгерлер алға қарай ұмтылды. «Отанын, жерін сүйем» деп фашистік зұлымдардан азат ете берді. Осы бір лекте, осы бір жолда 80-ге жуық елді мекендер азат етілді.

Бұл операцияны сіздің жан жарыңыз, біздің полковник жолдасымыз Баймолдин Әбілқайыр өзі басқарды. Біздің дивизия осы жолғы асқан ерлігімен көзге түсіп, Жоғарғы Бас командованиенің алғысына ие болғанды. Тап осы жолы Әбілқайыр да қаза болды. Бұл орны толмас қайғылы оқиға ескі Невельдің солтүстігіне қарай болған еді...» [4, 88 б.]

Полковник Я.Дубинин сол 1944 жылғы 18 тамызында мынадай естелік жазған еді: «...1944 жылғы қаңтардың 4-і күні Баймолдин Әбілқайыр екеуміз алғы шепте болдық. Ново-Сокольники сияқты стратегиялық үлкен маңызы бар қала түбіндегі Старосемия деревнясындағы біздің жеңістен кейін есін жаңа жиған неміс басқыншылары осы бағытқа танк, авиация, артиллерия бөлімдерін топтастырып, қарсы шабуылға шықты. Баймолдин өте ұтымды әдістер пайдаланып, басқарған осы операциясы біздің жеңіспен аяқталып, неше дүркін жасаған жау шабуылдары тойтарылды.

Майдан алаңында бір сәтке тыныштық орнады. Тап осы кезде сандырақтаған таяу жерде жарылған снаряд асыл ердің өмірін қиып жіберді.

Әбілқайыр Баймолдиннің жарқын бейнесін, оның көрсеткен толып жатқан ерлігін, оны көріп-білген жауынгерлер әрқашан есте сақтайды. Оның ержүректігі, батылдығы әрқашан да жадымызда сақталады. Баймолдиннің даңқы өшпесін!».

Әбілқайыр Баймолдиннің адамгершілігі де күшті болатын. Жауынгер жолдастарына қамқорлықпен көңіл аударатын. Майданда қаза тапқан жауынгерлердің отбасыларына көп көңіл аударып, мекен-жайларын сұратып алатын да, көңіл айтып хат жазатын, олардың қайғыларына ортақтасып, көңілдерін жұбататын. Өзінің қолы тимегенде жұбайы Сұлубикеге көңіл айтуды хат арқылы тапсыратын.

1943 жылдың аяқ кезінде Калинин майданындағы шайқас асқына түсті. Көне қала Невельді неміс-фашист басқыншыларынан азат ету үшін болған айқаста Отанына, халқына деген сүйіспеншілігін, абыройлы борышын атқару жолында өздерінің ерлігі мен табандылығын, әскери антқа адалдығын танытып, мәйіт болған Әбілқайыр Баймолдиннің дивизиясының жауынгерлері атақты мерген, старшина Ыбырайым Сүлейменовтің, пулеметші Мәншүк Мәметованың қазасын хабарлауды Сұлубикеге тапсырғанды.

Майдангер С.Аяпбергеновтың естелігінен: «Мен Әбілқайырмен жиі кездесетін едім. Бірінші атқыштар дивизиясында байланыс бөлімінің офицері болып істеймін. Бірде екеуміз ұзақ түнді бірге өткізген едік. Бұл күнді есте естен шығармаймын. Оның күлімдеген үлкен қара көздері, кескінді келбеті кімді де болса да өзіне тартатын. Батырларға тән күш-жігері, ер тұлғалы пішіні оған деген сенімді арттыра түсетін. Расында да, Баймолдин нағыз қолбасшы еді. Ұлы Отан соғысының талай ерліктері соның көз алдынан өткен болатын. Өзі де талай ерліктің бастаушысы болған еді. Сондай қолбасшы Отан үшін өз өмірін аяған жоқ.

Отанымыздың тарихы, соғыс тарихы бұл сияқты ерлердің есімін ұмытпайды» [4, 89 б.].

Әзілхан Нұршайықовтың естелігінен: Әбілқайыр Баймолдин орта бойлы келген, денесі тығыршықтай, қара көздері оттай жанған уытты командир еді. Орысша мүлтіксіз сөйлейтін. Денесі тіп-тік болып, етігінің шпорлары сылдыр қағып келе жатқанын көргенде көз тоятын. Иығына Чапаевша қара бурка жамылып, үнемі атпен жүретін.

Дивизиясын Новосokolьник бағытында жауға көтерген сәтте полковник Баймолдин жау бомбасының астында қалды. Бұл қайғылы хабарды естіп, дивизияның қазақ, орыс жауынгерлері қатты қайғырды. Бұрын 100-бригаданың сүйікті командиріне айналған ол аз уақыт ішінде дивизияның да қадірлі командирі дәрежесіне көтерілген еді. Ол өзінің әділдігі, туралығы, кемшілікке төзгісіз қаталдығымен жұрт көңіліне жағып үлгерген болатын. Өз басым Баймолдиндей алғыр командир көргенім жоқ. «Біздің Баймолдин бригаданы ғана емес, дивизияны, тіпті, корпусты басқаруға да лайық қой!» деген сөздерді орыс, қазақ командирлерінің аузынан сан естігенім бар. 3-Екпінді армияның қолбасшысы, парасатты генерал К.Н. Галицкий де оны бекер жақсы көріп, босқа құрметтемеген болар. [5, 46 б.]

Атақты Калинин майданында қаза болған подполковник Ералин марқұм Әбілқайырды «Үлкен жанды адам» деп атап өтті.

Әбілқайыр Баймолдин тек қана әскери азамат емес, ол журналистикамен шұғылданды. Он сегіз жасынан өмірінің соңына дейін газет, журнал беттерінде оның мақалалары, әңгіме, өлеңдері басылып жүрді. Бұл туралы академик-жазушы Сәбит Мұқанов «Социалистік Қазақстан» газетінің 1960 жылғы 9 мамырдағы санында жазып еді. Әбілқайыр Баймолдин күнделік те жазып жүрген. Ол соғыс біткен соң кітап жазуды армандайтын еді.

Соғыста жүріп те, жерлес партия, кеңес ұйымдарымен тығыз байланыста болды. Оған жерлестері аудан еңбекшілерінің табыстары, тылдағы еселі еңбегі туралы жазып тұрды. Мәселен, Лебязжі ауданының еңбеккерлері большевиктік сәлем жолдайды. «Көктем егісі аяқталды. Неміс окоптарын талқандауда табыс тілейміз! (Шишкинов)» – деген аудандық партия комитетінің сол кездегі хатшысы атынан рапорт-жеделхат жіберген [5, 47 б.].

Отан үшін өмірін қиған азаматты елі ұмытқан жоқ. Батыр Әбілқайыр Баймолдиннің есімімен Невельдің бір көшесі атанды. Павлодар облысының «Восточный» кеңшары полковник Әбілқайыр Баймолдин есіміне ие болды. Оның бюсті қойылды. Ауыл мектебіне оның есімі берілді.

Ал Невель қаласының мұражайында Ұлы Отан соғысының қаһарманы, полковник Әбілқайыр Баймолдиннің алып үлгермеген жауынгерлік Қызыл Ту орденімен наградтау туралы жарлық, полковник погоны сақтаулы тұр.

Отыздың ортасында Отаны үшін қанды шайқаста қаза болған батыр азаматтың артында ұлы Тельман мен қызы Жұлдыз қалды. Тельман Баймолдин – техника ғылымының кандидаты, доцент, Қазақтың ұлттық техникалық университетінде көп жылдар дәріс берді. Жұлдыз Баймолдина – Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген әртісі.

Ұлы Жеңістің даңқты 80 жылдығы жақындаған сайын сол бір қиын-қыстау кезеңдерінде бүгінгі жарқын болашақ үшін кеудесін оққа төсегендердің биік тұлғалы батыр бейнелері бұрынғыдан да жаңғыра жарқырап, айбындана түсуде. Олар аспан әлеміндегі жарық жұлдыздардай мәңгі сөнбей, халықпен бірге жасай береді.

### Әдебиеттер тізімі

- 1 Первый советский казахский профессиональный военный генерал. [Электронный ресурс]. Режим доступа:// [www.biografia.kz](http://www.biografia.kz).
- 2 Сомжүрек Ж.Н. Баймолдин биігі //Егемен Қазақстан. - 2012. -18 шілде (№ 396/400). - С. 7
- 3 Ашықбаев Е. Баймолдиннің бедерлі белестері // Қазақ әдебиеті. - 2018. - 9-15 қараша (№ 44). - С. 8-9
- 4 Ашықбаев Е. Баймолдиннің беймаза белестері // Адырна. - 2019. -№ 7. - С. 86-94
- 5 Нұршайықов Ә. Полковник Баймолдин // Ақиқат. - 2010. - № 6. - С. 42-47